

## **"Әуе кемелерін сатып алу" жобасын іске асыру мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1741

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Boeing" компаниясы, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және "Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамы өкілдері арасында 2000 жылғы 25-28 қазанда Лондон қаласында жүргізілген келіссөздер барысында қол жеткізілген нәтижелер бойынша қол қойылған хаттама назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) ЭйрБас А-310-300 (сериялық нөмірлері 399 және 412) екі әуе кемесінің қаржы лизингі бойынша қалыптасқан берешекті өтеу және келіссөздер хаттамасына сәйкес мемлекеттік кепілдіктің күшін тоқтату үшін "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Эйр Қазақстан" ЖАҚ) "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамынан 4 (төрт) миллион АҚШ доллары көлемінде жеңілдік несие тартуын;

2) "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен бірлесіп (келісім бойынша), "Boeing" компаниясымен қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес ЭйрБас А-310-300 (сериялық нөмірлері 399 және 412) әуе кемелерінің қаржы лизингін операциялық лизингке алмастыру жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізуді;

3) "Эйр Қазақстан" ЖАҚ пен "Қазақстан Эйрлайнз" ашық акционерлік қоғамын әуе қатынасы туралы екі жақты мемлекетаралық келісімдер бойынша қазақстандық тараптан тағайындалған авиатасымалдаушылар, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдер жасалмаған елдерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрақты рейстерді орындау жөніндегі операторлар етіп белгілеуді;

4) "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-тың осы қаулыға қол қою күніне "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны алдында жинақталған берешегін, көрсетілген берешекті өтеуге екі жылдық жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 6 (алты) жыл мерзім белгілеу арқылы, қайта құрылымдау жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін "Boeing Aircraft Holding Company" компаниясының пайдасына берілген және "Boeing Netherlands Leasing B.V." пайдасына қайтара берілген 1999 жылғы 28 мамырдағы N 0000036 мемлекеттік кепілдікті қайтарып алсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада

белгіленген тәртіппен ЭйрБас А-310-300 (сериялық нөмірлері 399 және 412)

әуе кемелерін уақытша әкелу режимінің ұзартылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.